



№ 21 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Kompetenz» сақтандыру компаниясы» АҚ-на сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның қолданылуын тоқтату туралы

2018 жылғы 1 тамыз

Алматы қ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі No 155қаулысымен 2018 жылғы 1 тамызынан бастап 2019 жылғы 1 ақпанына дейін қоса алғанда

- сақтандырудың міндетті нысанындағы сақтандыру қызметі;
- қайта сақтандыру қызметі;
- «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 3-тармағының 9)-11) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру қызметі бойынша «Kompetenz» СК» АҚ лицензиясының қолданылуы тоқтатылды.

Аталған шешім «Kompetenz» СК» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциялық нормативтердің талаптарын сақтамағаны үшін ҚР Ұлттық Банкімен қабылданды.

«Kompetenz» СК» АҚ-ның Лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын ұзартуды және сақтандыру сыйлықақыларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жауапкершілігінің көлемін ұлғайту көзделетін оларды өзгертуді, сондай-ақ сақтандырудың міндетті нысанындағы сақтандыру қызметін, қайта сақтандыру қызметін және Заңның 6-бабы 3-тармағының 9) – 11) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру қызметі бойынша сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалдығын жүзеге асыруды қоса алғанда, жаңа сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасауға тыйым салынады.

Бұрын жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша «Kompetenz» СК» АҚ өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға міндетті.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz